

Польша Республикасының Президенті Л.Качыньскийдің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы N 69-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және Польша Республикасының Президенті Л.Качыньскийдің 2007 жылғы 28 - 30 наурыз кезеңінде Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы: қосымшаға сәйкес Польша Республикасы делегациясының мүшелеріне "1+1+10" форматы бойынша қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын; сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Польша Республикасының делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Польша Республикасының Президенті Л. Качыньскийдің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын ж ә н е о д а н ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Президентінің атынан ресми түскі ас кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырылсын.

6. Астана қаласының әкімі Польша Республикасының делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, баратын орындарында бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана қаласының әуежайында поляк делегациясын қарсы алуға/шығарып салуға қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

2007 жылғы 28 наурыздағы

№ 69 - өкіміне

қосымша

Польша Республикасы делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Поляк делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Интерконтиненталь" қонақ үйіне "1+1+10" форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласындағы "Интерконтиненталь" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейджер, сапар бағдарламалары, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Польша Республикасының Президенті Л.Качыньский, оның жұбайы және Польша Республикасы делегациясының мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Поляк делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Іс-шаралар өткізілетін жерлерде гүлмен безендіру.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Польша Республикасының Президенті Л.Качыньскийдің құрметіне Астана қаласында ресми түскі ас және оның жұбайының құрметіне түскі ас ұйымдастыру.

8. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК